

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС ХАТТАМАСЫ №3

Күні: 2025 жыл, 27 наурыз

Қатысқандар: 7 мұғалім

Жауапты: Директор, директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

КҮН ТӨРТІБІ:

1. «Оқушылардың математикалық сауаттылығын арттыру – жаңа заман талабы» (баяндама: Мадиева А.Д.)
2. Мектептегі тәрбие жұмысының жүйесі: заманауи тәсілдер, даму жолдары
3. III тоқсан қорытындысы
4. Аттестация
5. ММА-ға дайындық жұмыстары
6. Шағын орталық жұмысы мен мектепалды даярлық сыныптардағы ұйымдастырылған оқу қызметінің жүргізілуі
7. Ата-аналар қоғамдастығы және білім алушылар қоғамдастығының мектеппен ынтымақтастығы
1. «Оқушылардың математикалық сауаттылығын арттыру – жаңа заман талабы»

Тыңдалды: Мадиева А.Д., математика пәні мұғалімі

Сөйледі: Мадиева А.Д. қазіргі білім беру жүйесіндегі басты бағыттардың бірі – оқушылардың функционалдық және математикалық сауаттылығын дамыту екенін атап өтті. Сабақ барысында логикалық ойлау, есеп шығару мәдениетін қалыптастыру және өмірмен байланысты тапсырмаларды қолдану арқылы оқушылардың қызығушылығын арттыру жолдарын ұсынды. Сонымен қатар, TIMSS және PISA зерттеулері негізінде оқушылардың нәтижелерін жақсарту мақсатында саралап оқыту, жобалық жұмыстар, цифрлық ресурстарды пайдалану тәсілдері қарастырылды.

2. Мектептегі тәрбие жұмысының жүйесі: заманауи тәсілдер, даму жолдары

Тыңдалды: Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Мадиева А.Д.

Сөйледі: Тәрбие жұмысы – білім беру процесінің ажырамас бөлігі. Қазіргі заманда оқушы тұлғасын қалыптастыруда құндылықтарға бағытталған тәрбие, патриоттық сезімді дамыту, еріктілік пен экологиялық мәдениетті қалыптастыру басты назарда екені айтылды.

3. III тоқсан қорытындысы

Тыңдалды: Оқу ісінің меңгерушісі Тулегенова Д.С.

Сөйледі: Оқу үлгерімі, білім сапасы, сабаққа қатысу және тәртіп мәселелері талқыланды. Кейбір пәндер бойынша төмен нәтижелердің себептері талданды.

4. Аттестация

Тыңдалды: Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Тулегенова Д.С.

Сөйледі: Аттестациядан өтетін педагогтардың құжат дайындау барысы, кәсіби даму портфолиосын толықтыру, сабақтарға қатысу және талдау жұмыстары қаралды.

5. ММА –ға дайындық жұмыстары

Сөйледі: ММА кезеңдеріне қатысатын оқушыларды дайындау жоспары мен жауапты мұғалімдерді бекіту туралы сөз болды.

Қазіргі таңда мектептің мемлекеттік аттестациядан өтуіне қажетті барлық құжаттар толық дайын, материалдық база реттелген, кабинеттер талапқа сай безендірілген, педагогикалық және оқыту процесінің сапасы нормативтік деңгейге жеткізілген.

Мектеп ұжымы аттестациялық комиссияны қабылдауға толық дайын.

Барлық құрылымдық бөлімдер мен жауапты тұлғаларға өз бағыттары бойынша соңғы тексеру жұмыстарын жалғастыру ұсынылады.

✓ 6. Шағын орталық және мектепалды даярлық сыныптарының жұмысы

Тыңдалды:

Балалардың жас ерекшеліктеріне сай оқу қызметінің ұйымдастырылуы, ойын арқылы оқыту, логикалық және сөйлеу дағдыларын дамыту бағыттары талданды.

Шағын орталық пен мектепалды даярлық топтарының негізгі мақсаты – мектепке дейінгі жастағы балалардың жан-жақты дамуын қамтамасыз ету, оқу іс-әрекетіне бейімдеу және бастауыш мектепке психологиялық тұрғыдан дайындау болып табылады.

Біздің шағын орталықта балалармен жүргізілетін оқу қызметі «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік стандарты» мен «Оқу қызметін ұйымдастыру бағдарламасы» негізінде жүзеге асырылады. Бағдарлама балалардың жас ерекшеліктеріне сай білім, білік, дағдыларын қалыптастыруды көздейді.

1. Ұйымдастырылған оқу қызметінің бағыттары:

Танымдық даму: математика элементтері, қоршаған ортамен таныстыру, тәжірибелік әрекеттер арқылы логикалық ойлау мен есте сақтау қабілеттерін дамыту;

Қатынас (сөйлеу) дағдылары: сөздік қорды молайту, байланыстырып сөйлеуге үйрету, әңгіме құрастыру және ертегі айтуға баулу;

Шығармашылық бағыт: бейнелеу, жапсыру, мүсіндеу, ән және би сабақтарында балалардың қиялын, эстетикалық талғамын дамыту;

Денсаулық және қимыл белсенділігі: күнделікті сергіту сәттері, қимыл-қозғалыс ойындары, қауіпсіздік ережелерін сақтау арқылы салауатты өмір салтын қалыптастыру.

2. Тәрбие мен оқытуды ұйымдастыру ерекшеліктері:

Балалардың оқу қызметі ойын түрінде өткізіледі. Бұл олардың қызығушылығын арттырып, өздігінен әрекет етуге үйретеді. Әр оқу іс-әрекетінде дамытушы ойындар, топтық және жұптық жұмыстар кеңінен қолданылады.

3. Ата-аналармен жұмыс:

Ата-аналармен тығыз байланыс орнату – жұмыстың маңызды бөлігі. Ай сайын ата-аналар жиналысы, ашық есік күндері, кеңес беру сағаттары өткізіліп тұрады. Сонымен қатар, ата-аналар балалардың үй жағдайындағы шығармашылық жұмыстарына белсене қатысады.

4. Жетістіктер мен қорытындылар: